ҒТАМР 06.39.31 **https://doi.org/10.58805/kazutb.v.3.28-1179**

КРЕАТИВТІ ИНДУСТРИЯ САЛАСЫНДА КӘСІПКЕРЛІК ҚЫЗМЕТТІ МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУГЕ ТАЛДАУ

[1]Н.Д. Есмагулова, [2]Р.А. Исмаилова, [2]Н.А. Ибадильдин, [1]А.М. Акижанова, [3]А.Б. Темирова, [4]А.Б. Асанова

[1]Еуразия ұлттық университеті Л.Н. Гумилев, Астана, Қазақстан,
[2]Astana IT University, Астана, Қазақстан,
[3]Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан,
[4]Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы, Қазақстан
Корреспондент-автор: bolat39@mail.ru

Мақалада креативті индустрия саладағы кәсіпкерлік субъектілерін мемлекеттік реттеудің ерекшеліктері қарастырылады. Креативті индустрия заманауи экономикалардағы тұрақты экономикалық өсудің маңызды саласына айналуда. Зерттеудің мақсаты – Қазақстандағы мемлекеттік қолдаудың қолданыстағы тетіктерін талдау, институционалдық кедергілерді анықтау және шетелдік тәжірибені ескере отырып, реттеуді жетілдіру бойынша ұсыныстарды қалыптастыру. Осы саладағы мемлекеттік саясатты жетілдіру бойынша ұсыныстар ұсынылды. Жұмыста креативті индустрия салалардағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары жинақталған, Ұлыбритания, Оңтүстік Корея, Эстония және Ресейдегі халықаралық тәжірибеге салыстырмалы құқықтық талдау жасалған. Киноиндустрияны қолдауға бағытталған Қазақстанның қолданыстағы нормативтік құжаттарына ерекше назар аударылады. Қолданыстағы тәсілдердің жүйесіздігі, халықтың хабардарлығының төмендігі, цифрлық инфрақұрылымның әлсіздігі және мемлекеттік бағдарламалардың мерзімінен бұрын тоқтатылуы мәселелері анықталды. Талдау негізінде осы саладағы институционалдық, қаржылық және білім беру саясатын жетілдіру бойынша шаралар кешені ұсынылады. Мақала нормативтік дереккөздерге, ресми статистикалық мәліметтерге, сондай-ақ отандық және шетелдік зерттеушілердің ғылыми жарияланымдарына негізделген. Авторлар инфрақұрылымды, цифрландыруды және адами капиталды дамытуды қоса алғанда, креативті индустрия кәсіпкерлікті қолдауда бөлшектенген реттеуден стратегиялық жоспарлауға көшу қажеттігін атап көрсетеді.

Түйін сөздер: мемлекеттік реттеу, креативті индустрия, кәсіпкерлік, нормативтік-құқықтық база, инновациялық экономика, инвестициялық қолдау.

АНАЛИЗ ГОСУДАРСТВЕННОГО РЕГУЛИРОВАНИЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ СУБЪЕКТОВ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА В СФЕРЕ КРЕАТИВНОЙ ИНДУСТРИИ

[1]Н.Д. Есмагулова, [2]Р.А. Исмаилова, [2]Н.А. Ибадильдин, [1]А.М. Акижанова, [3]А.Б. Темирова, [4]А.Б. Асанова

[1]Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан,
[2]Astana IT University, Астана, Казахстан,
[3]Кызылординский университет имени Коркыт Ата, Кызылорда, Казахстан,
[4]КазНУ им Аль- Фараби, Алматы, Казахстан,
e-mail:bolat39@mail.ru

В статье рассматриваются особенности государственного регулирования деятельности субъектов предпринимательства в сфере креативной индустрии. Креативная индустрия становится важным направлением устойчивого экономического роста в современных экономиках. Целью исследования является анализ действующих механизмов государственной поддержки в Казахстане, выявление институциональных барьеров и формулирование предложений по совершенствованию регулирования с учетом зарубежного опыта. Предложены рекомендации по совершенствованию государственной политики в данной области. В работе обобщены ключевые направления государственной политики в сфере креативных индустрий, проведен сравнительно-правовой анализ меж-

дународных практик Великобритании, Южной Кореи, Эстонии и России. Отдельное внимание уделено действующим нормативным документам Казахстана, направленных на поддержку киноиндустрии. Выявлены проблемы несистемности существующих подходов, низкой информированности населения, слабой цифровой инфраструктуры и преждевременного завершения госпрограмм. На основе анализа предложен комплекс мер по совершенствованию институциональной, финансовой и образовательной политики в данной сфере. Статья базируется на нормативно-правовых источниках, официальной статистике, а также научных публикациях отечественных и зарубежных исследователей. Авторы подчеркивают необходимость перехода от фрагментарного регулирования к стратегическому планированию в поддержке креативного предпринимательства, включая развитие инфраструктуры, цифровизации и человеческого капитала.

Ключевые слова: государственное регулирование, креативная индустрия, предпринимательство, нормативно-правовая база, инновационная экономика, инвестиционная поддержка.

ANALYSIS OF STATE REGULATION OF BUSINESS ENTITIES IN THE CREATIVE INDUSTRY

[1]N.D. Esmagulova, [2]R.A. Ismailova, [2]N.A. Ibadildin, [1]A.M. Akizhanova, [3]A.B. Temirova, [4]A.B. Asanova

[1]L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan,
[2]Astana IT University, Astana, Kazakhstan,
[3]Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan,
[4]Al-Farabi KazNU, Almaty, Kazakhstan,
e-mail: bolat39@mail.ru

The article considers the features of state regulation of business entities in the creative industry. The creative industry is becoming an important area of sustainable economic growth in modern economies. The purpose of the study is to analyze the existing mechanisms of state support in Kazakhstan, identify institutional barriers and formulate proposals to improve regulation, taking into account foreign experience. Recommendations for improving state policy in this area are proposed. The work summarizes the key areas of state policy in the creative industries, provides a comparative legal analysis of international practices in the UK, South Korea, Estonia and Russia. Special attention is paid to the current regulatory documents of Kazakhstan aimed at supporting the film industry. The problems of the unsystematic nature of existing approaches, low public awareness, weak digital infrastructure and premature termination of state programs are identified. Based on the analysis, a set of measures is proposed to improve institutional, financial and educational policies in this area. The article is based on regulatory sources, official statistics, as well as scientific publications of domestic and foreign researchers. The authors emphasize the need to move from fragmented regulation to strategic planning in supporting creative entrepreneurship, including the development of infrastructure, digitalization and human capital.

Keywords: government regulation, creative industry, entrepreneurship, regulatory framework, innovative economy, investment support.

Кіріспе. Креативті индустрия зияткерлік және мәдени ресурстарға негізделген, экономиканың болашағы зор бағыттарының бірі. Бұл саладағы кәсіпкерлік дәстүрлі өндіріс процесінен гөрі идеялар, контент, визуалды бейнелер мен цифрлық өнімдер сияқты материалдық емес активтерді құруға бағытталған. Мұндай бизнес түрлерінің ерекшелігі – жоғары құбылмалылық, фриланс пен жобалық жұмыс сияқты стандартты емес жұмыспен қамту түрлері және институционалдық қорғаудың әлсіздігі. Соңғы жылдары креативті индустрия экономикалық өсудің, жұмыс орындарын құрудың және мәдени бірегейлікті қалыптастырудың маңызды қозғаушы күшіне айналып келеді. Цифрландыру мен жаһандану жағдайында дәл осы креативті сектор экономикалық дағдарыстарға төзімділік, икемділік және жылдам даму қабілетін көрсетіп отыр және инновациялық даму мен білім экономикасын қалыптастырудың маңызды элементі ретінде қа-

растырылады. Цифрлық экономикаға көшу жағдайында креативті секторды мемлекеттік реттеу ерекше мәнге ие. Алайда Қазақстан Республикасында бұл саладағы кәсіпкерлерді қолдау тәсілдері әлі де бөлшектенген жүйелі емес сипатта қалып отыр. Қазақстан үшін IT-индустрия – цифрлық экономиканың жаңа даму бағыты. Тек 2023 жылы ғана Қазақстан Республикасының Үкіметінің қаулысымен IT және геймдевелопментті қамтитын креативті индустрия салаларының тізімі ресми түрде бекітілді [1].

Цифрлық трансформация тұжырымдамасында атап көрсетілгендей, бәсекеге қабілетті АКТ саласын қалыптастыру үшін мемлекет осы саладағы кәсіпкерлікке қолайлы экожүйе құруға күш салады [2].

Келесі статистикалық деректерді келтіруге болады: 2000–2024 жылдар аралығында Қазақстанның ЖІӨ-дегі креативті индустрия үлесі шамамен 3% деңгейінде тұрақты сақталып отыр. Елімізде ең қарқынды дамып келе жатқан креативті қызмет түрлеріне «веб-порталдар мен ақпарат агенттіктері», «мәдени-көркем іс-шаралар мен артистік қызмет», «дизайн, фотосурет және аударма қызметтері», сондай-ақ «кино және телебағдарламалар» жатады [3].

Қазіргі кезеңде зияткерлік капитал – білім мен инновацияға негізделген болашақ экономикасын қалыптастырудың басты бағытына айналып отыр. Алдағы уақытта елдер тиімді, зияткерлік және креативті қауымдастықтарды құруға басымдық береді [4].

Геймификация кросс-мәдени дизайнды дамытудағы маңызды стратегия ретінде қарастырылады. Ойын элементтерін қолдану арқылы белгілі бір өңірдің мәдени дәстүрлерін келешек ұрпаққа жеткізуге мүмкіндік туындайды [5].

IT-индустрия креативті экономиканың бір бөлігі ретінде соңғы он жылда әлем бойынша, соның ішінде Қазақстанда да белсенді дамып келеді. Мысалы, Беларусь елінде IT-компаниялардың айтарлықтай өсуі мемлекет тарапынан көрсетілген қолдаудың – салықтық жеңілдіктер мен институционалдық шаралардың арқасында мүмкін болды. Ақпараттық салаға тұрақты инвестициялар инновацияларды енгізуге және жалпы экономикалық прогреске берік негіз қалыптастыруда [6].

Қазақстан Республикасы бұл бағыттың дамуына қызығушылық танытып отырғанымен, креативті кәсіпкерлерді мемлекеттік реттеу мен қолдау жүйесі әлі де бөлшектенген және жүйесіз сипатта. Осы саладағы мемлекеттік реттеуді жетілдіру қажеттігі зерттеу тақырыбының өзектілігін айқындайды.

Осы мақаланың мақсаты – Қазақстандағы креативті индустрия саласындағы кәсіпкерлік субъектілерін мемлекеттік реттеу жүйесіне талдау жүргізу, негізгі институционалдық кедергілерді анықтау және халықаралық тәжірибе мен ұлттық ерекшеліктерді ескере отырып, реттеуді жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу.

Материалдар мен әдістер. Креативті индустрия субъектілері дәстүрлі бизнес өкілдерінен бірнеше ерекшеліктерімен сипатталады. Бұл индустрияның басты ресурсы – материалдық емес активтер, яғни физикалық өндірістік қуаттылықтан гөрі зияткерлік меншікке негізделген. Қазақстан Республикасында креативті секторды институционаландыру бойынша бірқатар шаралар қабылдануда.2023 жылы креативті индустрия субъектілерін жеке кәсіпкерлік субъектілерінің құрамына енгізу критерийлері [1] мен креативті экономикалық қызмет түрлерінің тізімі [7] бекітілді. Бұл құжаттар аталған саланы мақсатты түрде реттеуге құқықтық негіз қалыптастырады. Креативті бизнестің басым бөлігі уақытша командалар немесе жеке фриланс негізінде ұйымдастырылған. Бұл секторда өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың үлесі жоғары, бұл мемлекеттік құрылымдармен өзара іс-қимылда қиындықтар туғызады. Сонымен қатар, бұл сала икемділігімен, бейімделгіштігімен және сұраныс, трендтер мен технологиялардағы өзгерістерге жедел жауап беру қабілетімен ерекшеленеді.

Қазіргі уақытта қаржыландыру мен қолдаудың стандартты механизмдеріне қолжетімділік деңгейі төмен екені байқалады. Бұл ерекшеліктер реттеу тәсілдерін қайта қарауды қажет етеді, өйткені дәстүрлі бизнеске арналған қолдау

құралдары көбіне шағын, стандартталмаған креативті бастамаларға тиімді әсер ете алмайды.

Цифрлық технологиялардың дамуы креативті экономиканың өсуіне қуатты катализатор болды. Онлайн платформалар, әлеуметтік желілер, стримингтік қызметтер мен электрондық сауда алаңдары шығармашылықты ақшалай табыс көзіне айналдырудың жаңа арналарына жол ашты. Олар физикалық қатысуды қажет етпестен, жаһандық аудиторияға қол жеткізуді қамтамасыз етті. Бұл креативті кәсіпкерлер үшін жаңа мүмкіндіктер ашты, алайда сонымен қатар бәсекелестік, авторлық құқықты қорғау және цифрлық сауаттылық сияқты жаңа мәселелер туындатты.

Жедел цифрлану жағдайында мемлекет креативті саладағы қатынастарды реттеуші ғана емес, сонымен қатар серіктес ретінде де әрекет етуі тиіс — бұл шығармашылық бастамалардың өсуіне, тәжірибеге және дамуына қолайлы жағдайлар жасау дегенді білдіреді.

Зерттеудің әдіснамалық негізі жүйелік, салыстырмалы-құқықтық және институционалдық әдістерден, сондай-ақ құқықтық, экономикалық және басқарушылық аспектілерді біріктіретін пәнаралық талдау қағидаттарынан тұрады. Осы материалды жазу барысында креативті экономиканың дамуы және оны мемлекеттік реттеу тетіктеріне арналған отандық және шетелдік зерттеушілердің жарияланымдары, нормативтік құқықтық актілер мен ресми статистикалық деректер қарастырылды.

Нәтижелер және талқылау. Қазақстан үшін халықаралық тәжірибе мемлекеттік реттеудің өзіндік тетіктерін қалыптастыруда бағдарлық негіз бола алады, алайда ұлттық контекстті, институционалдық ерекшеліктерді және мәдени әртүрлілікті ескеру маңызды. Креативті индустрияны мемлекеттік қолдау жүйесі дамыған елдердің тәжірибесін зерделеу - бұл саланың әлеуетін және оны реттеудің міндеттерін толық түсінуге мүмкіндік береді. Мысалы, Ұлыбританияда Creative UK атты арнайы құрылым жұмыс істейді, креативті компанияларға салықтық жеңілдіктер қарастырылған, кластерлік қолдау көрсетіледі; Оңтүстік Кореяда үкімет киноиндустрияны дамыту мен экспортты қолдауға инвестиция құйып отыр; ал Эстонияда фрилансерлер мен микробизнесті қолдау үшін цифрлық платформа іске қосылған, сондай-ақ креативті хабтар дамып келеді.

Ұлыбритания креативті индустрияны стратегиялық сектор ретінде жүйелі түрде қалыптастырған алғашқы елдердің бірі болып саналады.1997 жылы Үкімет «creative industries» ұғымын ресми түрде мойындап, осы салаға арналған арнайы саясат әзірледі. Мемлекеттік және жекеменшік сектор өкілдерінен тұратын Creative Industries Council құрылды. Бұл Кеңес стратегиялық жоспарлау, талдау және креативті бизнестің мүдделерін ілгерілету мәселелерімен айналысады [8].

Креативті индустрияны мемлекеттік реттеу саласындағы Ұлыбританияның тәжірибесі жүйелі және көп құрамды тәсілмен ерекшеленеді. Ағылшын моделінің негізгі элементтеріне мыналар жатады: көркем фильмдер, анимация және бейне ойындар өндіретін компанияларға салықтық жеңілдіктер беру; Creative Growth Finance секілді арнайы қаржыландыру бағдарламаларын іске асыру; өңірлік деңгейде шығармашылық кластерлер мен хабтарды дамыту; сондай-ақ креативті өнімнің экспортын жан-жақты қолдау. Мұндай тәсіл саланың тұрақты дамуына және оны жаһандық нарықтарға интеграциялауықпал етеді [9].

Оңтүстік Корея жаһандық нарықтарға ұлттық контентті ілгерілетуге бағытталған үлгіні қолданады. Үкімет киноөндіріс, музыка, компьютерлік ойындар, сән және сұлулық индустрияларын дамытуға мақсатты түрде инвестиция салады. KOCCA (Korea Creative Content Agency) секілді арнайы агенттіктер құрылды. Бұл агенттіктер креативті кәсіпкерлерге арналған оқу курстарын ұсынады, стартаптарды қаржылай қолдайды, өнімді халықаралық тарату үшін гранттар бөледі, сондай-ақ «K-Culture» брендін насихаттау мақсатында халықаралық фестивальдер мен көрмелер ұйымдастырады.

Оңтүстік Корея моделі креативті индустрияны экспортқа бағытталған секторға айналдыруда мемлекеттік саясаттың қандай маңызды рөл

атқара алатынын көрсетеді [10].

Эстония шағын ауқымына қарамастан, креативті кәсіпкерлерді қолдауды цифрлық экожүйеге органикалық түрде біріктіре отырып, тұрақты цифрлық инфрақұрылым құра алды. E-Residency платформасы арқылы кез келген адам әлемнің кез келген жерден Эстонияда компания тіркеп, цифрлық кәсіпкерлікпен айналысып, Еуропалық Одақ аумағында заңды түрде қызмет жүргізе алады. Бұған қоса, креативті жобаларды дамытуға арналған мемлекеттік акселераторлар жұмыс істейді, өңірлерде жергілікті креативті хабтар қолдау табуда, цифрлық өнер мен мәдени инновация фестивальдері өткізіледі және креативті туризмді дамыту бағдарламалары іске асырылуда [11].

Ресей Федерациясында креативті индустриялар саласындағы нормативтік-құқықтық база едәуір дамуға ие болды.2024 жылы «Ресей Федерациясында креативті (шығармашылық) индустрияларды дамыту туралы» Федералдық заң қабылданды. Бұл заң креативті сектор қатысушылары арасындағы өзара іс-қимыл тетіктерін, мемлекеттік саясаттың қағидаттары мен қолдау шараларын және құқықтық негіздерді бекітті. Аталған заң шығармашылық экономиканы институционалдандырудың және оны мемлекеттік деңгейде реттеудің бірыңғай тәсілін қалыптастырудың маңызды кезеңі болды [12].

Халықаралық тәжірибе көрсетіп отырғандай, креативті индустрияны тиімді мемлекеттік реттеу бұл икемділік, салалар арасындағы өзара байланыс және адами капиталды дамытуға бағытталу талап ететін күрделі процесс. Сонымен қатар, бұл салада стратегиялық көзқарастың ерекше маңызды екенін айғақтайды.

Жүргізілген талдау креативті бизнесті реттеуде жүйесіз тәсілдің бар екенін көрсетті. Қолданыстағы шаралар бұл саладағы кәсіпкерлік субъектілерінің дамуын жеткілікті дәрежеде ынталандырмай отыр.

Салыстырмалы талдау табысты үлгілерге тән келесі ортақ белгілерді анықтауға мүмкіндік береді:

- креативті индустрияны дамытуға бағытталған мамандандырылған институт немесе агенттіктің болуы;

- шығармашылық өнімді экспортқа бағыттау және монетизациялауға стратегиялық басымдық беру;

- цифрлық шешімдерді интеграциялау;

- жас кәсіпкерлер мен стартаптарды қолдауға ерекше назар аудару;

- саланың ерекшеліктеріне бейімделген қаржылық және білім беру құралдарының болуы.

Қазіргі уақытта Қазақстандағы креативті индустрияны мемлекеттік реттеу жүйесі фрагменттелген күйінде қалып отыр. Жүйелі тәсілдің, институционалдық қолдаудың, инфрақұрылымның және бейімделген қаржылық құралдардың жетіспеушілігі креативті кәсіпкерліктің дамуын тежейді.

Дегенмен, реттеудің жекелеген элементтері шағын және орта бизнесті қолдау бағдарламалары, цифрлық экономиканы дамыту шаралары, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі, Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі секілді мемлекеттік органдардың бастамалары арқылы іске асырылуда. Шығармашылық жобалар мен стартаптарды дамытуға мемлекеттік гранттар бөлінеді. Бұл салада реттеу көбіне зияткерлік меншік, кәсіпкерлік, мәдениет, цифрландыру және білім беру салаларындағы заңдар арқылы жанама түрде жүргізіледі. Алайда, бұл құралдар негізінен IT-сектор мен дәстүрлі шағын және орта бизнеске бағытталған, ал өнер, технология және білім беру элементтері біріктірілген креативті жобалардың ерекшеліктері сирек ескеріледі [13]. Сонымен қатар, көптеген нормативтік құжаттар креативті бизнестің ерекшелігін бейнелемейді және оның дамуын тікелей қолдайтын нақты нормалардан ада.

Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінде креативті индустриялар саласындағы жеке кәсіпкерлік субъектілерін мемлекеттік қолдау көзделген. Атап айтқанда, Кодекстің 92-бабында мемлекеттік қолдаудың негізгі бағыттарының бірі ретінде креативті индустриялар саласында жеке кәсіпкерлік субъектілерінің қыз-

метіне жәрдемдесу көрсетілген [14].

«Астана» халықаралық қаржы орталығы (АХҚО) - қаржы саласында арнайы құқықтық режим қолданылатын алаң креативті кәсіпкерлікті қолдаудың инновациялық тетіктерін енгізуге ықпал етуде.2024 жылы АХҚО негізінде Қазақстандағы алғашқы жеке киноиндустрияға бағытталған инвестициялық қор Tolqyn Film Fund OEIC Ltd құрылды. Қордың негізгі қызмет бағыты - коммерциялық әлеуеті бар киножобаларға инвестиция салу. Қордың мақсатты көлемі шамамен 5,5 млрд теңгені құрайды, ал жұмыс мерзімі - үш жыл. Инвестициялық стратегия аясында қор жанрлар мен географиялық нарықтар бойынша әртараптандырылған 15–20 жобаны қолдауды жоспарлап отыр. Мұндай қаржы құралының АХҚО аясында құрылуы креативті экономиканың кәсіпкерлік қызметтің перспективалық бағыты ретінде маңыздылығының артқанын көрсетеді [15, 16].

Кестеде әртүрлі елдерде мемлекеттік саясаттағы креативті сектордың институционалдық жетілу деңгейін көрсететін негізгі қолдау құралдарының жүйеленуі берілген.

1 - кесте - Креативті сектордың мемлекеттік реттеу құралдарын салыстыру

Ел	Салықтық жеңілдіктер	Қаржы ландыру	Кластерлер мен хабтар	Экспортты қолдау	Креативті индустриялар туралы заң
Қазақстан	жартылай	✓	даму сатысында	жартылай	жоқ
Ұлыбритания	✓	✓	✓	✓	жоқ (бірақ Creative UK бар)
Оңтүстік Корея	✓	✓	✓	✓	жоқ (бірақ KOCCA бар)
Ресей	✓	✓	✓	✓	✓
Ескерту: авторлармен құрастырған					

Бүгінгі таңда Қазақстанда креативті экономиканы дамытуға бағытталған кешенді мемлекеттік саясат жоқ. Кәсіпкерлікті қолдау бағдарламалары арқылы көрсетілетін мемлекеттік шаралар, әдетте, шығармашылық жобалардың ерекшеліктеріне бейімделмеген. Ағымдағы жағдайды сипаттайтын негізгі сипаттамалар ретінде мыналарды атап өтуге болады: осы салада жұмыс істейтіндердің статистикалық есебінің төмендігі, қаржыландыру мен гранттардың шектеулілігі, институционалдық инфрақұрылымның жеткіліксіздігі (ірі қалалардан тыс хабтар, акселераторлар, коворкингтер жоқтығы).

Креативті индустрияның дамуына бекітілген мемлекеттік бағдарламалар мен стратегиялық құжаттардың толық іске аспай тұрып, мерзімінен бұрын тоқтатылу тәжірибесі де теріс әсер етеді. Мұндай жағдайлар халықтың хабардарлық деңгейін төмендетеді, мемлекеттік реттеу тетіктеріне деген сенімді әлсіретеді және қойылған мақсаттарға қол жеткізуді қиындатады. Мысалы ретінде, 2019 жылы қабылданған «Бизнес жол картасы - 2025» мемлекеттік бағдарламасын келтіруге болады, ол Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 2 ақпандағы қаулысымен өз күшін жойды [17].

Экономиканың креативті секторындағы саясат бірнеше мемлекеттік ұйымдар арасында бөлінген, ал акиматтар жергілікті бастамаларды жүзеге асырады. «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы шағын және орта бизнесті жалпы дамытуға жауапты. Мұндай жіктелу мен үйлестірудің болмауы функциялардың қайталануына, бағдарламалардың бытыраңқылығына

және бірыңғай стратегияның жоқтығына әкеледі. Әсіресе өңірлердегі креативті мамандық өкілдері үшін жағдай күрделі, себебі шығармашылықпен айналысуға арналған кеңістіктер мен цифрлық инфрақұрылым жетіспейді.

Нормативтік-құқықтық базаның, қолданыстағы мемлекеттік бағдарламалардың және аналитикалық дереккөздердің мазмұндық талдау нәтижелері креативті индустрияның орнықты дамуы үшін жүйелі тәсіл қажет екенін көрсетеді. Бұл тәсілге заңнамалық бекіту, қаржылық қолдау, инфрақұрылым мен адами капиталды дамыту кіреді. Шетелдік тәжірибені жинақтау ұлттық реттеу үлгісін қалыптастыруда ең тиімді шешімдерді қолдануға мүмкіндік береді. Процентттік мәндер бағалау сипатында болып, креативті кәсіпкерліктің дамуына жекелеген кедергілердің институционалдық және нормативтік деңгейдегі әсер ету дәрежесін көрсетеді. Классификация мен реттеу авторлардың сараптамалық бағасына, сондай-ақ креативті экономиканы халықаралық реттеу тәжірибесінің салыстырмалы-құқықтық талдауына негізделген. Мұндай тәсілдің мақсаты - ұлттық реттеу үлгісіндегі проблемалық тұстарды анықтау және оны жетілдіру бағыттарын белгілеу.



1 - сурет. Қазақстандағы креативті индустрияның дамуының негізгі кедергілері

Қорытынды. Жүргізілген талдау нәтижелері мынадай тұжырым жасауға негіз береді: Қазақстандағы креативті индустрия қолдаудан бөлек, икемділікке, орнықтылыққа және қолжетімділікке негізделген жүйелі реттеу тәсілін қажет етеді. Қазақстандағы креативті индустрия жоғары өсу әлеуетіне ие, алайда ол үшін мемлекет тарапынан жүйелі реттеу мен қолдау қажет, ол өз кезегінде нормативтік, қаржылық және институционалдық сүйемелдеуді қамтуы тиіс. Ұсынылған шараларды жүзеге асыру осы сектордың экономикасын нығайтуға, жұмыспен қамтуды арттыруға және елдің мәдени және цифрлық саладағы халықаралық бәсекеге қабілеттілігін күшейтуге мүмкіндік береді.

Креативті индустрияны дамыту Қазақстан экономикасын әртараптандырудың маңызды бағытына айнала алады, әсіресе цифрландыру жағдайында. Бұл үшін шығармашылық кәсіпкерліктің ерекшеліктерін ескеретін және реттеу мен қаржыландыруда инновациялық тәсілдерге дайын мемлекеттік саясат қажет.

Креативті индустрия саласындағы кәсіпкерлікті тұрақты және тиімді мемлекеттік қолдау жүйесін қалыптастыру үшін келесі шаралар ұсынылады: креативті индустрияны дамыту стратегиясы бойынша нормативтік құжат әзірлеу; шығармашылық кәсіпкерлер үшін салықтық ынталандыруларды енгізу; инфрақұрылымға қолжетімділікті қамтамасыз ету (креативті хабтар, медиаорталықтар, шеберханалар); креативті мамандықтарды жұмыспен қамту және білім бе-

ру бағдарламаларына енгізу; креативті жобалардың бірыңғай цифрлық реестрін құру; саланы статистикалық есепке алу және мониторинг жүргізу критерийлерін әзірлеу.

«Креативті индустрия» ұғымын заңнамалық деңгейде бекіту – ең маңызды және алғашқы қадам. Қаржыландырудың дәстүрлі көздеріне шектеулі қолжетімділікті ескере отырып, креативті кәсіпкерлер үшін келесі тетіктерді енгізу орынды: шығармашылық стартаптар үшін мамандандырылған гранттар; кепілсіз микронесиелеу; креативті жобаларға бағытталған венчурлік қорлар; мәдени контент, цифрлық өнімдер және әлеуметтік жарнама жасауға арналған мемлекеттік тапсырыстар. Бұл шаралар жас кәсіпкерлерге, студенттерге және фрилансерлерге ерекше маңызға ие.

Келесі басымдық – инфрақұрылымды және өңірлік дамуды қолдау. Креативті хабтарды, шеберханаларды, медиаорталықтар мен мәдени кластерлерді, әсіресе өңірлерде дамыту, жастар белсенділігінің катализаторына айналады. Бұл үшін: бірлескен жұмыс кеңістіктерін құру; шығармашылық іс-шаралар мен фестивальдерді қолдау; жергілікті жобаларды туризм және өңірлік брендтеу бағдарламаларына енгізу қажет. Креативті индустрияның орталықсыздандыру елорда мен өңірлер арасындағы теңсіздікті төмендетеді.

Креативті индустрияны тиімді мемлекеттік реттеу қазіргі заманда сұранысқа ие шығармашылық және цифрлық дағдыларды дамытуға бағытталған білім беру ортасын қалыптастыруды да қамтуы тиіс. Мемлекеттік бастамалар: білім беру бағдарламаларын жаңартуға; арнайы курстар құруға; STEAM-подходты (ғылым, технология, инженерия, өнер және математика тоғысында) енгізуге бағытталуы қажет. Бұл инновациялық әрі бәсекеге қабілетті адами капиталды дамытуға септігін тигізеді. Бұл процесте: дизайн, медиа және цифрлық контент саласындағы арнайы бағдарламалар мен акселераторлар; бизнес құрылымдармен бірлескен жобалар, тәжірибе мен зертханалар арқылы білім беру мен өндірісті интеграциялау ерекше рөл атқарады.

Жүргізілген талдау креативті индустрияға мемлекет тарапынан стратегиялық назар аудару шикізатқа тәуелділікті төмендетуге бағытталған экономиканы әртараптандыруға, жаңа жұмыс орындарын құруға, елдің халықаралық имиджін нығайтуға, мәдени бастамалар арқылы әлеуметтік бірлікті күшейтуге ықпал ететінін көрсетті.

Халықаралық тәжірибе мен Қазақстанның нақты жағдайын ескере отырып, құқықтық реттеуден бастап институционалдық және білім беру бастамаларына дейін креативті экономиканы дамытуға бағытталған ұсыныстар берілді. Бұл ұсыныстарды іске асыру ведомствоаралық өзара іс-қимылды және креативті қауымдастықпен диалогты талап етеді. Осылайша, Қазақстанда креативті индустрияны реттеу жүйесін дамыту уақытылы ғана емес, стратегиялық тұрғыдан қажет қадам. Бұл тұрақты өсімді қамтамасыз етуге, адами әлеуетті ашуға және Қазақстанды жаһандық мәдени-экономикалық кеңістікке интеграциялауға мүмкіндік береді.

Қаржыландыру. *Бұл зерттеу Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің AP26103811 «Қазақстандағы нарықта IT-компаниялардың бәсекеге қабілеттілік стратегияны әзірлеу: табыстың жасырын факторларын анықтау және өсу факторларын анықтау үшін деректерді талдау әдістерін пайдалана отырып, инновациялық кластерлерді қалыптастыру» атты жобаның қаржылық қолдауымен жүзеге асырылды.*

Әдебиеттер

1. Жеке кәсіпкерлік субъектілерін креативті индустриялар субъектілеріне жатқызу өлшемшарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 6 маусымдағы № 447 қаулысы. URL: https://adilet.zan.kz. - Қаралған күні:: 23.05.2025.

2.2023 - 2029 жылдарға арналған цифрлық трансформация, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласын және киберқауіпсіздікті дамыту тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 269 қаулысы. URL: https://adilet.zan.kz. - Қаралған күні: 23.05.2025.

3. Ялкунов М.У., Хаджиева Г.У., Карабчук Т.С. Факторы роста креативного сектора: обзор концепций развития креативных индустрий Казахстана и Великобритании. // Вестник университета «Туран». -2024. -Т.4. - С.116-128. DOI 10.46914/1562-2959-2024-1-4-116-128.

4. Li X. Cultural creative economy and urban competitiveness: How one matters to the other// Journal of Urban Affairs. -2020. -Vol 42(8).-P.1164-1179. DOI 10.1080/07352166.2020.1727293.

5. Suciu M.C., Năsulea D.F. Intellectual Capital and Creative Economy as Key Drivers for Competitiveness Towards a Smart and Sustainable Development: Challenges and Opportunities for Cultural and Creative Communities// In Book: Intellectual Capital Management as a Driver of Sustainability. -2018. - P.67-97 .DOI 10.1007/978-3-319-79051-0_5.

6. Голубева В.В. О перспективах развития креативных индустрий в Республике Беларусь. // Труды Санкт-Петербургского государственного института культуры. -2023.-Т.227. -С.87-93.

7. Об утверждении перечня видов экономической деятельности, относящихся к креативной индустрии: Постановление Правительства Республики Казахстан от 6 июня 2023 года № 448. URL: https://adilet.zan.kz .- Қаралған күні: 23.05.2025.

8. Creative Industries Council (UK). URL: https://www.gov.uk.- Қаралған күні: 23.05.2025.

9. Creative Industries Council (UK). What we do. URL: https://www.gov.uk. - Қаралған күні: 27.05.2025.

10. Korea Creative Content Agency (KOCCA). Annual Report 2023. - Seoul: KOCCA. - 2024. – 112 p. URL: https://www.kocca.kr. - Қаралған күні: 27.05.2025.

11. Метс А. Е-резидентство в Эстонии. Руководство: что это такое и для чего, права, стоимость и инструкции/WISE. – 2023. URL: https://wise.com. - Қаралған күні: 27.05.2025.

12. Федеральный закон ”О развитии креативных (творческих) индустрий в Российской Федерации” от 08.08.2024 N 330-ФЗ. URL: https://www.consultant.ru. - Қаралған күні: 27.05.2025.

13. Кадыр Р.С. Аналитический доклад на тему: «Креативное будущее: тенденции в индустрии творчества в Казахстане» // Астана, НАО «Казахстанский институт общественного развития». - 2024. - 100 с. ISBN 978-601-08-4697-5.

14. Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V ҚРЗ. URL: https://adilet.zan.kz. - Қаралған күні: 28.05.2025.

15. Астана халықаралық қаржы орталығы туралы Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңы 2015 жылғы 7 желтоқсандағы № 438-V ҚРЗ. URL: https://adilet.zan.kz. - Қаралған күні: 28.05.2025.

16. Аналитический обзор «Креативные индустрии Казахстана: тренды и перспективы»//AIFC, Dasco Group. - 2024. URL: https://aifc.kz. - Қаралған күні: 28.05.2025.

17. «Бизнестің жол картасы-2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 24 желтоқсандағы №968 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 2 ақпандағы №43 қаулысымен. URL: https://adilet.zan.kz. - Қаралған күні:: 28.05.2025.

References

1. Zheke kəsipkerlik sub#ektilerin kreativti industrijalar sub#ektilerine zhatқyzu өlshemsharttaryn bekitu turaly Қazaқstan Respublikasy Ykimetinің 2023 zhylғy 6 mausymdaғy № 447 қaulysy. URL: https://adilet.zan.kz. - Қaralғan kүni: 23.05.2025. [in Kazakh]

2.2023 - 2029 zhyldarға arnalған cifrlyқ transformacija, aқparattyқ-kommunikacijalyқ tehnologijalar salasyn zhəne kiberқauipsizdikti damytu tұzhyrymdamasyn bekitu turaly Қazaқstan Respublikasy Ykimetinің 2023 zhylғy 28 nauryzdaғy № 269 қaulysy. URL: https://adilet.zan.kz. - Қaralған kүni: 23.05.2025. [in Kazakh]

3. Jalkunov M.U., Hadzhieva G.U., Karabchuk T.S. Faktory rosta kreativnogo sektora: obzor koncepcij razvitija kreativnyh industrij Kazahstana i Velikobritanii. // Vestnik universiteta «Turan». -2024. -T.4. -S.116-128. DOI 10.46914/1562-2959-2024-1-4-116-128. [in Russian]

4. Li X. Cultural creative economy and urban competitiveness: How one matters to the other// Journal of Urban Affairs. -2020. -Vol 42(8).-P.1164-1179. DOI 10.1080/07352166.2020.1727293.

5. Suciu M.C., Năsulea D.F. Intellectual Capital and Creative Economy as Key Drivers for Competitiveness Towards a Smart and Sustainable Development: Challenges and Opportunities for Cultural and Creative Communities// In Book: Intellectual Capital Management as a Driver of Sustainability. -2018. - P.67-97 .DOI 10.1007/978-3-319-79051-0_5.

6. Golubeva V.V. O perspektivah razvitija kreativnyh industrij v Respublike Belarus’. // Trudy Sankt-Peterburgskogo gosudarstvennogo instituta kul’ tury. -2023.-T.227. -S. 87-93.

7. Ob utverzhdenii perechnja vidov jekonomicheskoj dejatel’ nosti, otnosjashhihsja k kreativnoj industrii: Postanovlenie Pravitel’ stva Respubliki Kazahstan ot 6 ijunja 2023 goda № 448. URL: https://adilet.zan.kz.- Қaralған kүni: 23.05.2025. [in Russian]

8. Creative Industries Council (UK). URL: https://www.gov.uk .- Қaralған kүni: 23.05.2025. [in Russian]

9. Creative Industries Council (UK). What we do. URL: https://www.gov.uk. - Қаралған күні: 27.05.2025.

10. Korea Creative Content Agency (KOCCA). Annual Report 2023. - Seoul: KOCCA. - 2024. – 112 p. URL: https://www.kocca.kr. - Қаралған күні: 27.05.2025.

11. Mets A. E-rezidentstvo v Jestonii. Rukovodstvo: chto jeto takoe i dlja chego, prava, stoimost’ i instrukcii/WISE. - 2023. URL: https://wise.com. - Қaralған kүni: 27.05.2025. [in Russian]

12. Federal’ nyj zakon ”O razvitii kreativnyh (tvorcheskih) industrij v Rossijskoj Federacii” ot 08.08.2024 N 330-FZ. URL: https://www.consultant.ru. - Қaralған kүni: 27.05.2025. [in Russian]

13. Kadyr R.C. Analiticheskij doklad na temu: «Kreativnoe budushhee: tendencii v industrii tvorchestva v Kazahstane» // Astana, NAO «Kazahstanskij institut obshhestvennogo razvitija». - 2024. - 100 s. ISBN 978-601-08-4697-5. [in Russian]

14. Қazaқstan Respublikasynyң Kəsipkerlik Kodeksi Қazaқstan Respublikasynyң Kodeksi 2015 zhylғy 29 қazandaғy № 375-V ҚRZ. URL: https://adilet.zan.kz. - Қaralған kүni: 28.05.2025. [in Kazakh]

15. Astana halyқaralyқ қarzhy ortalyғy turaly Қazaқstan Respublikasynyң Konstitucijalyқ Zaңy 2015 zhylғy 7 zheltoқsandaғy № 438-V ҚRZ. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000438. - Қaralған kүni: 28.05.2025. [in Kazakh]

16. Analiticheskij obzor «Kreativnye industrii Kazahstana: trendy i perspektivy»//AIFC, Dasco Group. - 2024. URL: https://aifc.kz. - Қaralған kүni: 28.05.2025. [in Russian]

17. «Biznestің zhol kartasy-2025» biznesti қoldau men damytudyң memlekettik bағdarlamasyn bekitu turaly Қazaқstan Respublikasy Ykimetinің 2019 zhylғy 24 zheltoқsandaғy №968 қaulysy. Kүshi zhojyldy - Қazaқstan Respublikasy Ykimetinің 2022 zhylғy 2 aқpandaғy №43 қaulysymen. URL:

https://adilet.zan.kz. - Қаралған күні:: 28.05.2025. [in Kazakh]

Авторлар туралы мәліметтер

Есмагулова Н.Д. экономика ғылымдарының кандидаты, профессор, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан, e-mail: nur7725@gmail.com;

Исмаилова Р.А.- экономика ғылымдарының докторы, профессор, Astana IT University, Астана, Қазақстан, e-mail: rymkul.kz@mail.ru;

Ибадильдин Н.А.- PhD, доцент, Astana IT University, Астана, Қазақстан, e-mail: ibadildin.nurkhat@astanait.edu.kz;

Акижанова А.М. - PhD кандидаты, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан, e-mail: aigerim.akizhan@mail.ru;

Темирова А.Б. - экономика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан, e-mail: bolat39@mail.ru;

Асанова А.Б. - экономика ғылымдарының кандидаты, доцента м.а., Аль- Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы, Қазақстан, e-mail: altin_assan@bk.ru.

Information about the authors

Yesmagulova N.D. - Candidate of Economic Sciences, Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan, e-mail: nur7725@gmail.com;

Ismailova R.A. - Doctor of Economics, Professor, Astana IT University, Astana, Kazakhstan, e-mail: rymkul.kz@mail.ru;

Ibadildin N. – Ph.D., Associate Professor, Astana IT University, Astana, Kazakhstan, e-mail: ibadildin.nurkhat@astanait.edu.kz;

Akizhanova A.M. – PhD Candidate, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan, e-mail: aigerim.akizhan@mail.ru;

Temirova A.B. - Candidate of Economic Sciences, Associate Professor, NJSC ”Korkyt Ata Kyzylorda University”, Kyzylorda, Kazakhstan, e-mail: bolat39@mail.ru;

Asanova A.B. - Candidate of Economic Sciences, Acting Associate Professor, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, e-mail: altin_assan@bk.ru.